

SD04208 «Қазақстандық құқықтың дамуының заманауи үрдістері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және кримнологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған Қамбаров Азамат Қамбарұлының диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗЫША ШІКІРІ

Р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бiрiн атап оту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына (әлеуметтік және гуманитарлық саласындағы зерттеулер) сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» № 418-V заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясымен тығыз байланыста.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияның негізгі

		<p>капидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының толықтылығына дәлел ретінде ізденушінің аталмыш ғылыми жұмысты орындау барысындағы жарияланған еңбектерінен көруге болады. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны Scopus (Elsevier) халықаралық ақпараттық ресурсына кіретін ғылыми басылымдарда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті журналдарында жарияланған 3 мақалаларынан байқауға болады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Оны зерттеу барысында алынған нәтижелерден көруге болады.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>1) Негізделген. Диссертацияның зерттеу жұмысы логикалық жағынан дұрыс аяқталған және ішкі бірлігі бар кешенді еңбек болып табылады. Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі негізделген. Зерттеу мақсаттары мен міндеттері қорғауға ұсынылған тұжырымдар орынды. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық</p>

		<p>бұзушылықтар үшін жауапкершілікті реттейтін нормативтік құқықтық базаны талдаған және Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің шетелдік тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындалмайды</p>	<p>1) Айқындайды. Диссертацияның мазмұны жан-жақты және логикалық құрылыммен сипатталады. Зерттеу барысында тақырыптың барлық негізгі аспектілері қамтылып, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қылымға тұрғыда дәйектелген. Диссертацияның мазмұны тақырыпты толықтай ашуға бағытталған және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес айқын құрылымда баяндалған. Әрбір тарау нақты мәселелерді талқылауға және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынуға арналған. Мазмұнның жүйелілігі мен логикалық бірлілігі жұмыстың жоғары деңгейде орындалғанын көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;</p>	<p>1) Сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес зерттеудің</p>

	3) сәйкес келмейді	мақсаты тұжырымдалып, міндеттері айқындалған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Толық байланысқан Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері бір-бірімен толық байланысты және қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (категораттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	1) Сыни талдау бар. Автор ұсынған жаңа шешімдер (әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда негізделген және бағаланған. Алынған нәтижелер ғылыми және теориялық негізделген. Зерттеу барысында диссертация жасаған талдаулар мен тұжырымдар нақты және ақпараттық болып табылады.
5. Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қандағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) толығымен жаңа 1-нәтижені толығымен жаңа деп есептеуге болады.Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Киберқауіпсіздік тұжырымдамасының жүзеге асуын ескере отырып, автормен ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың теориялық сипатта авторлық анықтамасы берілген.

		<p>2- нәтиже жаңа болып табылады, себебі диссертант «ҚР Қылмыстық кодексіне терең талдаулар жасай отырып «киберқылмыс», «компьютерлік коммуникация», «киберқауіпсіздік» ұғымдарымен толықтыруды ұсынып отыр. Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексінің 3 бабының 38 тармағына 205.206.208 баптарымен толықтыру яғни ірі зағал және ірі мөлшер ретінде айлық есеппік көрсеткіштен бір мың есе асатын мүлік құны немесе зағал мөлшері ретінде өзгерістер енгізу ұсынып отыр.</p> <p>3- нәтиже. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік немесе субъективтік белгілерін талдап ҚР ҚК-нің 205-бабының 4-бөлігіне ауыр зардаптарға акеп соққан дәл сол іс-арекет, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, бірнеше рет жасалған іс әрекеттерді ұсынып отыр.</p> <p>4 – нәтиже. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу бойынша келесі іс-шараларды ұсынады. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту яғни трансшекаралық киберқылмысқа</p>
--	--	---

		<p>қарсы күреске бағытталған халықаралық келісімдер мен конвенцияларды ратификациялауды ұсынып отыр. Сонымен қатар Профилактикалық мониторинг жүйесін енгізу, Оқу жоспар бағдарламасын әзірлеу, Халықтың пифрлық сауаттылығын арттыру.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Толығымен жаңа: Диссертациялық жұмыстың қорытынды тұжырымдары толығымен жаңа. өйткені автор Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігіне авторлық анықтама ұсынған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Толығымен жаңа: Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары негізделген және сенімді. Бұл ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен расталады, жалпы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен тәжірибесіне үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалану, негізгі ережелерді жариялау арқылы анықталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде

7. Қорғауға шығарылған негізгі кандидаттар	<p>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> <p>Әр кандидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Кандидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1 Диссертация бойынша әр кандидат дәлелденген.</p> <p>Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтері бойынша (qanqor.gov.kz), ақпараттық байланыс саласындағы заңсыз қол сүту мәселесіне байланысты статистикалық мәліметтерді саралап, қорытынды жасалған.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды.</p> <p>7.3 «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (қылмыстық-құқықтық және кримнологиялық аспектілері)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысты толық жаңа деп есептеуге болады, себебі антиплагиат жүйесіндегі тексеру көрсеткіштері 84%.</p> <p>7.4. Колдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.</p>
--	---	--

<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даирлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әлебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>1) Иә Методологияны таңдау негізделген және диссертациялық зерттеудің кіріспесінде толығымен сипатталған. Қойылған міндеттерді шешу және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жалпы ғылыми және арнайы-ғылыми принциптер мен таным әдістерінің кешені пайдаланылды, олардың арқайсысы пәнді объективті және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.</p> <p>1) Иә Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>1) Иә Диссертациялық жұмыста жүргізілген зерттеулердің нәтижелері қорғауға ұсынылатын ұсынымдарда қарастырылған.</p> <p>Манызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әлебиеттерге сілтемелермен расталады. Әлебиеттер тізімінде диссертацияда</p>
--	---	---

9	Практикалық күндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>сілтемелер, көшіріп алулар, дөйексөздер жазылған, полемика келтірілген 169 дереккөз бар.</p> <p>Автордың көзқарасы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктерін теориялық және әдіснамалық зерттеуде де, диссертация тақырыбын жан-жақты шолу нәтижелері бойынша тәжірибелік талдау мен ұсыныстар әзірлеуде де байқалады.</p> <p>Пайдаланған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті, өйткені диссертациялық жұмыс тақырыбындағы іргелі жұмыстар зерттелді. Әдеби шолуда кейбір авторлардың Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселесі туралы көзқарастарын салыстыру келтірілген.</p> <p>1) Иә</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары, диссертация бойынша ұсынылған тұжырымдар толықтай дәлелденген. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық – құқықтық және криминалогиялық аспектілерін толық зерттеді.</p>
---	-------------------------------	--	--	---	--

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>толықтырулар мен өзгертулер жасалған. Жүргізілген теориялық зерттеу, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің теориясын талдау болашақ зерттеушілер үшін қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>1) толығымен жана; Практикаға арналған ұсыныстар жана, ғылыми әдебиеттердің кең спектріні, сондай-ақ заңнамалық база мен статистикалық мәліметтерді талдауға негізделген.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	
<p>12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми</p>		<p>Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары, диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>

<p>рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және ресімдеуі 2011 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы «Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» талаптарына және ғылыми мамандық паспортына сәйкес келеді.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Диссертация ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылымстық құқық бұзушылықтар мәселелерін жетілдіруге бағытталған жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын, теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып танылады.</p> <p>Қамбаров Азамат Қамбарұлының «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылымстық құқық бұзушылықтар (қылымстық-құқықтық және кримнологиялық аспектілері)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми бағалануға, сондай-ақ оның авторы 8D04208 «Қазақстандық</p>

		<p>КҰҚЫҚТЫҒЫН ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD) ДАРЕЖЕСІН АЛУҒА ЛАЙЫҚ ДЕП САНАЙМЫН.</p>
--	--	--

Ресми рецензент,
Д.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университетінің
заң факультеті
Қылмыстық құқықтық пәндер
кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты:



Муратханова М.Б.

